


12004  
6388К

# Нұрлан ОРАЗАЛИН



Манасшылар  
түсінгендер

3










*"Мәнірі жарылқады, жеңдік".*

*"Тоныкөк" жазуынан*

*"Бұл ғасир – мешің жүрек салатындаи,  
Мамарыт бірде онымен согатындаи..."*

*Мұқағали*






12004/6388К

# Нұрлан ОРАЗАЛИН

Чи топдик,  
таңдалалы  
түсінділар

Этот

Жыр кітабы



Алматы  
"Жазушы"

2007

ЖЫРДАРЫНДА НАТОРЛАНУА  
МОНАХПАТЫНДА ЖЫРДАРАНДА ЖЕТКІЛІ

РЫСТАРЫ

ББК 84 (5Каз)7-5

О 65

**Оразалин Н.**

**О 65** Үш томдық таңдамалы туындылар. З-том. Жыр кітабы.—  
Алматы: Жазушы, 2007.— 416 бет.

ISBN 9965-815-29-1

Республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын Нұрлан Оразалиннің шығнайы да нұрлы шығармашылығы — XX ғасыр мен бүгінгі біздің заманымыздың әрі көкейкесті, әрі күрделі қырлары мен сырларын бейнелеп берген, шын мәніндегі іргелі көркем ой мен ірі мүддеден тұған поэзия. “Бар өлемдік сойқанға айбаттанып, қайраттанып үмттылар керек бір үн!” деп өзі айтқандай, жыр жаратылысын айғақтар нәзік лиризм мен нәрлі эпикалық және драмалық ширығу — осы уш қасиет үйлесім тапқан қайраткерлік үн десек, ақынның тұлғалық сипаты ашыла түсірі ақыят.

Ұсынылып отырған үшінші томға ақынның 1990—2001 жылдар аралығында жазған әлеңдері мен толғаулары іріктелініп алғынды.

О 4702250202-060  
402(05)-07

ISBN 9965-815-29-1

ББК ББК 84 (5Каз)7-5

© Оразалин Н., 2007  
© “Жазушы” баспасы, 2007

## ФАРЫШ МІНЕЗДІ ЖЫРЛАР

Адамдардың танысусы оңай... Оған мына байланыс пен коммуникацияның мықтап дамыған ғасырында таңғалудың еш реті жоқ. Бірақ танысу оңай болғанмен, ой мен ойдың табысусы, пікір мен пікірдің тамырласуы, мақсат-мұдденің сабактасуы, орайласуы киын. Менің Нұрлан ініммән арадағы таныстығымның өрісі кеңейіп, мағыналы сипат алғанына, шығармашылық түрғыда сәтті сабактастық тапқанына қуанамын.

Осыдан төрт жыл бұрын Қазақстанның Төуелсіздік мерсекіне қатысуга келген бетім. Қазақ тугандар қай кездегідей ашық-жарқын қарсы алғып, бір кездесуден екінші бір кездесуге жетслеп, мені қолды-аяққа түрғызбады. Қалың қар құшағында жатқан Алатау да, тұнгі көшелерін сақылдаған сары шұнақ аяз қыдырған Алматы қаласы да ерекше сұлу.

— Шықа, қарсы болмасаңыз, Сізге бір қолқамыз болып тұр,— деді Әбіш Кекілбаев інім қашанғы сабырлы мінезінс басып.— Егер Сіз жөн корсөніз, бас газетіміз „Егемен Қазақстанда“ кездесу бар еді...

— Е-с, сендер жөн корсөндер, мен неге қарсы болайын...— дедім.

Тоқтам осы болды.

Үәделі кезде Әбіш екеуіміз қолтықтасып, редакция босағасын аттадық. Бізді жарқын жүзді журналистер қауымы ерекше туыскандық көрсетіп қарсы алды. Кездесу бас редактордың болмесінде өтті. Маған редактордың озін-озі усташы, тауып сөз айтуды үнады. Әдебиет, өмір туралы ойлары мен



тұжырымдары да көнілге қонымды. „Е-е, соңымыздан білімді, білікті жастар келеді екен-ау“, — деп ойладым іштей...

Ұзын сөздің — қысқасы, желтоқсанның сол бір әсері мол айшықты қүндерінің ықылас-мейірімінің мол болғаны соншама, мені Алматыдағы дос-бауырларымның дәмі Европаға жібермей, ұшағым мерзімінен үш күн кешігіп үшты. Әбіш, Қуаныш, Нұрлан үшеуі мені үш күн бойы шығарып салудың әлегімен жүрді.

Сондай самолет жолын тосқан қүндердің бірінде Нұрлан:

— Мүмкін, уақытыңызды откізуге себі тиер. Оқып көрерсіз... — деп менің қолыма қазақ тілінде шығатын бір журнал әкеліп үстatty.

Жаңылмасам, аты — „Парасат“... Парақтай бастадым. Журналдың айқарма бетінде Нұрланның суреті мен үлкен топтама жырлары жарық көріпті. Оқып шықтым. Бүгінгі уақыт, заман жайлы сыр толғайтын, ойының астарында отты мұң мен сезім бар, мұңының астарында ашу бар, ашуының төркінінде ақындықтың от жалыны бар жырлар екен. Өлеңі ойың мен сезімінді тез баурайды. Әсіресе, ақын жүргегін жарып шыққан:

„Тұнгі дауыс...  
Қандай сұсты? Үрейлі...  
Әлде кім кеп көшемді үнсіз күреиді.  
Желтоқсанның жетеді үні талықсып,  
қашатындаі бір ой қуып бір ойды...“

деген жолдар жадымда қалып қойыпты...

Ертесі мен мінген ақ лайнер аспанға көтеріліп, Европаны бетке алды. Алатау да, Алматы да, маған қуаныш, тебіреніс сыйлаған желтоқсанның ақ қарлы, сары аязды, шуақты қүндері де артта қалып бара жатты. Тілімнің үшінша Нұрланның әлгі бір жолдары қайыра-қайыра орала берді...

Міне, ақынның „Құралайдың салқыны“ атты жыр жинағын оқу үстінде тағы да сондай бір өзгеше әсер құшында отырмын. Қолжазбаның әр жаңа бетін ашқан сайын



маған әлде бір таныс сезім қолын созатындаи. Дүниелік құбылыстарды өзінің жүргегі мен ойы арқылы өткізетін ақынның жырларын толқымай оқу мүмкін емес.

„Мен осы өзіммін бе,  
басқамын ба?  
Пендерін бе жүрген құр бас қамында?  
Жанымды мазалайды қайдагы ойлар,  
жсі жасасын ойнайды аспанымда.

Қара нөсер төгеді көктен құйып,  
қара аспанның көңілі кеткен бе ит?!  
Жүргім елеңдейді жсі-жсі,  
наизагайлы гарышым неткен биік?!” —

деген жұдырықтай жүргегі бар жұмыр басты пенденің қай-қайсысына да тән осынау философиялық тебіреніс пен сезім иірімдерінің өзгеше суретін салған, өлеңмен қыстырып ой өрген жолдарға еріксіз риза боласың. Ақын қуанса шын қуанып, мұңайса шын мұңаяды. Оның бір жырдан скінші бір жырға көшіп отыратын лирикалық кейіпкерінің жан дүниесіндегі толқыныстар ауыл, аймақ, керек десеңіз, кейде үлт пен ұлыс шекарасынан шығып, жалпы адамзаттық толғаныстар кеңістігіне көтеріледі. Ол аспанмен тілдессе де, жермен сырласса да, бір қызығы, сені досыңмен, ең жақын, ет бауыр туысынмен сөйлестіргендей, тілдестіргендей ерекше бір халге бөлейді.

„Қараңғыга ұмтылады неге ойым?  
Қамықтың деп кімді, қалай сөгейін?  
Беу, көк аспан, аруақтардың мекені,  
тіл қатышы бір... Тірілерге не дейін?!”

Немесе:

„Жүргімді жұлқиды Тәңір сөзі,  
тамырына тығылып қаламұштың... “ —



деген жолдардың бойынан шынайы шабыттан туған қуатты жырға тән қайталанбас қасиеттердің жатқанын қалай ғана аңғармауға болады?..

Нұрлан үшін „қаранды тұн де“, „аруақтарға мекен болған көк аспан да“, „кеудесін қысқан Дәүірдің қасіретті толғағы да“, бәрі-бәрі „жүргегін жұлқыған Тәнір сөзіндей“ елестейді. Ақын үшін оқшау ескі обалар кешегі „хүнндар мен сақтардан қалып қойған оқылмаған кітаптай“ көрінеді. Жастық шағы от-жалында шарпылып, зейнтекерліктің құрығына түскен қарт адамның мына бір кескінін елестетіп көрінізші:

*„Күні-түні шылжырып комбеге ойын,  
іздеп-іздеп шаршаган пендедейін.  
Көше кезіп келеді күз адамы  
уқаланған үш сомдық теңгедейін...“*

Құлаққа, ақынның өз тілімен айтқанда, „жұмақтың жайлы бір үніндей“ естілестін мына ғажайып сұлу өлемнің әрбір сәті Нұрлан жырының жаратылышын ашар образды ойлаудың көркемдік құралдары сескілді.

*„Атқақтап тұр қатты тамырым,  
білемін ешкімге қонбесін,  
көтеріп көтердей Тәнірім,  
гарышқа — мәңгіге пендесін.*

*Көтерсе, көтерсін... Несі бар??  
Бір көріп қайтайын мұңды Айды.  
Адамдар жердегі есі бар,  
Айдагы дауысты тыңдайды...“ —*

деген асқақ үнді, адам атаулының бәріне етene жақын, таныс, түсінікті ғарыш мінезді жырлар соның дәлелі.

Мұндай Жер мен Кок арасын өлең сиқырымен арбауга, жалғауға үмтүлattyн табиғаттың өзіндей таза, қуанышы мен қайғысы, мұңы мен сырьы, мұзы мен жалыны қатар өрілер отты жырлар — бұл кітаптың басты өлшем, таразысы.



*“Сезімсіз жүрек қалай дір етпек?  
Сезімді сұлу құс дейді;  
жүректің үнін естір жүрек тек,  
түсінер тілсіз ішкі ойды“, —*

депті бір өлеңінде ақын. Ендеше, мен де талантты ізбасар інімнің жүргегінен төгіліп туған осынау ойлы да отты Жыр Үнінің адамдар жүргегіне, санасына тезірек жеткенін қалаймын!

Жалынды, жақсы жырлардың бауы берік болсын!

Өлең — адам ойы мен сезімінің тұнғызыңдырын тербейтін мәңгілік пен шексіз қозғалыстың құдіретті көзі екенін естен шығарма! Жыр-құсының қанаты талмасын, Нұрлан інім!

*Шыңғыс АЙТМАТОВ.  
Бішкек,  
17 наурыз, 1997 жыл*

\*\*\*  
Мен осы оғыншыл де?

Басқашап да?

Денделік де жүрдек күр бас ғалсонаңа?

Негізгі қызығада жең

Жаныңызға ғазалаңыз қайдағы сінап,  
жарылғанда ойнаңыз аспанаңыз.

Кара көсер төлеңі көктеме күнелік,  
қара аспанаңыз көзінің кейінде де шілті?!  
Жүрекін аспанаңыз елдендейді жессі = жессі,  
найзаңайыз <sup>жарылғанда</sup> <sub>ағаштыңда</sub> кейіндеңік?!

Сол дүкінен кепеді ғаштаңыз чүр,  
тіршілікпен, ғылғылар мен, <sup>жарылғанда</sup>  
Чзат доссат көрінір жаңағынан <sub>ағаштыңда</sub>  
күндерінің қарашыңды азаның.

Дірінік = арда...

Шола аның тәртесінен,  
как аспанаңыз таңардаңы тәртесінен.  
Көзіңе аның келешіл...

Дімегі!

Шіркіт!

Дар көзекінің кел = келде көртесінен.

Шырбан <sup>жетінен</sup> күнделесін күсінде да,

досса естілесін жүректің энес ұғаның;


орта шоуда болар да тұрагауда,

таңдағынан да бар шондар бүйірдәнде?!

Махаббаттың ойнаңыз жессі үшіншінан,  
онир бар да сол уақыт сүріс, күнін.  
Денек болып <sup>жетінде</sup> арасынан жарынуш

таусынданана таңқаның тәсілінде.


Қыркүйек, 1992 месін.



# Құрапайдың сақыны


"Земля каждый твой шаг  
сопровождает,  
Пока тебя в нее не погребут"

Рудаки



"Жүргенде жүлкінде тәңір сөзі  
тамағына тышалып қаламұштың..."

май, 1992 жыл



## ЖҮРЕКЖАРДЫ

*Ойым осы — ортөңдей алмасатын,  
Сырым осы — бұлақтай жалгасатын;  
сенем тубі жарайды бір кәдеге,  
қалып қоймай архивте шаң басатын.*

*Әнім осы — асқақтап айтылатын,  
әуезімен аспанда Ай түннатын;  
Алатауым сәуірде қайта оянып,  
құралайдың салқышы қайта ұратын.*

*Күйім осы — күмбірлен тартылатын,  
шанағымда қоңыр саз шарқ ұратын;  
қайтқан құстың Арқадан үні естіліп,  
Қаратаяудың мойнына артылатын.*

*Мұңым осы — ортеген озегімді,  
бермеу үшін күрестім кезегімді;  
біреу егер күндесе ту сыртымнан,  
біреу үшін омірім, сезем, үлгі!*

*Созім осы... Серпілсе, боздар тілім,  
Атырау мен Алтайдың қозгар түнін.  
Шалдықпасын, шабыттым аман болса,  
алга әкетер озімді оз қарқыным.*

*Жырым осы — мәңгілік жазылатын.  
Жырга қоспай откен бе назын ақын?!  
Ортеңімді жалгашы Ертеңіме,  
Өлеңімнің отымен, қазына түн!..*



*Ән, күйімді, сөзімнің асылдарын,  
Ой, сырымды Өзіңнен жасырмадым.  
Бар болмысым, оқырман, осы менің,  
ордім жырмен тулаған Фасыр қанын!..*

*мамыр, 1996 жыл*

## ЖЫРҒА ТҮС, ЖҮРЕКТЕГІ БАР ҮСТЫҒЫМ

„Мұнар да, мұнар, мұнар күн...“

Махамбет

\* \* \*

Қиянатпен айтылатын кінә — арсыз,  
құмарынды қандыратын тұн — арсыз;  
атақ пенен абыройдың жолы — арсыз,  
атақтының көкірегі — мұнар, сыз.

Мұнар — үміт...

Мұнар — өмір...

Мұнар — күн...

Тұман құшқан келбетіндей шынардың,  
басылмайтын, тарқамайтын бір жерік  
дұғасындаі тұмардың.

Мұнар — үміт жетелейді құнді алға,  
жетелейді қылы-қызын сындарға;  
ой мен сана, жүрек — оның тұтқыны,  
тұтқын жүрек тыңдар ма?!

Бағынбайды дабыл ұрып, күй ұрып,  
өктемсініп, оцы-солын бүйірып,  
мұнар үміт — ұстаптайтын көк сағым,  
жеткізбейтін қыыр үк.

Мұнар үміт — мұнар өмір бастауы,  
молдау болып төгіледі шашпауы.



Марапатшы көп болса егер...  
Пенденің  
мүмкін емес таспауы.

Еленбейтін есті созі сыңардың,  
тасқан жерден басталады мұнар құн;  
асқан-тасқан атақтыға көк тиын  
тұрмас құны шын Ардың.

Ар жоқ жерде айтар билік шын арсыз,  
арсыздарды тындалап үнсіз, тынарсыз;  
жүрек біткен соғар үнсіз — сыңарсыз,  
шың атаулы мұңаядыш шынарсыз...  
Жердің үстін басар келіп  
Мұнар...  
Сыз...

*Шілде, 1991 жыл*

\* \* \*

Көз ұшында — қияңқы бел, тал, қия,  
тал, қияда қалды әнім.  
Жүргегіме жетім күдік салды үя,  
күндерімді жалғадым.

Кекірегімді кермек, ашы тесті мұң  
тұтініндей аршаның;  
жаңғырды тұн, дауысынды естідім,  
ести-ести шаршадым.

Өзгермейтін бұл неғылған ғайып үн?  
Жаңғырды мұң жолдардан.  
Аз ғұмырдың арқалатқан айыбын  
өзегімде тонды арман.

Тонды жүрек...  
Тонды сезім...  
Тонды үміт...  
Создым қолды заңғарға.  
Шабыт шіркін, шау тартқандай болдырып,  
жылу берер жан бар ма?!

Талмаусырап шерге батты жер үсті,  
тұншықты үнсіз Ай мұнды.  
Кімге айтамын кеудемдегі керісті,  
кімге айтамын қайғымды?

Тіл қатпады тұнгі дала, тұнгі аспан,  
тіл қатпады тал, қия,



Көгілдір тау...  
Көктем...  
Көк бел гүл басқан,  
көз үшында қалды үя...

*шілде, 1991 жыл*

\* \* \*

Аққұым, айналайын, қос құлыным,  
сөндерді, заманды ойлап есті мұңым.  
Ертеңім не болады?  
Кім айтады?  
Қай арада тоқтайды дос-бұгінім?

Болар деп кім ойлаған бұлай бәрін,  
онаша қалсам болды жылайды Арым?!  
Адамдар қиратуда кеше ғана  
өзі қолдан жасаған „құдайларын“.

Өздерін аямауда өзге сынды.  
Көз — қатал...  
Көңіл — тұман...  
Сөз — кесімді...  
Тәңірі тәлкегі ме? Бұл не өзі?  
Кім көтерді билікке сезбес ұлды?

Көзінде шуламайтын көк орманы,  
жанында махабbat жоқ, жоқ арманы...  
Жер бетін қаптап кетті „әулиелер“,  
өзендер суалуда көп арналы.

Қорқамын...  
Содан қатты сескенемін.  
(Мың жанып, мың қайтара өшкен едім).  
Мынау ұлы Дағаның төсін еміп,  
ғасырдан ғасырларға көшкен елім,  
сені ойлап, сескенемін, сескенемін.

Шошимын...

Шошынам да шамырқанам,  
көздерді көріп кейде жабырқаған.

Тұн — мұнар...

Дала — мұнар...

Бәрі — мұнар...

Мұнарга қалай келдік? Таңырқанам.

Мұнарды көріп тұрып шамырқанам.

*шілде, 1991 жыл*

